

## Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі N 274 Заңымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі N 274 Заңымен.**

**Ескерту. Мәтін бойынша сөздер өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .**

## **I Тарау. Жалпы Ережелер**

### **1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар**

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық аймақтар құрудың, олардың жұмыс істеуі мен таратылуының жалпы құқықтық негіздерін белгілейді.

**Ескерту. 1-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .**

### **2-бап. Арнайы экономикалық аймақ ұғымы**

Арнайы экономикалық аймақ-ерекше құқықтық режим қолданылатын Қазақстан Республикасының шектеулі аумағын білдіреді.

### **3-бап. Арнайы экономикалық аймақтарды құрудың мақсаты**

Арнайы экономикалық аймақтар республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне енуін жандандыру, жаңа технологиялардың бір немесе бірнеше сапаларын дамыту, жоғары тиімді өндірістер құру, өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеру, инвестициялар тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын пысықтау, басқару мен шаруашылық жүргізудің осы заманғы әдістерін енгізу, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу үшін аймақтарды жеделдете дамыту мақсатында құрылады.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.04. N 504 Заңымен , 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **4-бап. Арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдар**

1. Арнайы экономикалық аймақтардың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен арнайы

экономикалық аймақтар туралы заңдардағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**Ескерту. 4-бап өзгерді - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .**

#### **5-бап. Арнайы экономикалық аймақтарды құру тәртібі**

1. Арнайы экономикалық аймақ Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдардың немесе аумағында арнайы экономикалық аймақ құрылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен келісе отырып жасалған тиісті орталық атқарушы органның ұсынысына негізделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгілі бір мерзімге құрылады . < \* >

Арнайы экономикалық аймақ туралы ереже арнайы экономикалық аймақты құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі.

2. Арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныстарды қарау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне тұжырымдама мен техникалық-экономикалық негіздеме табыс етіледі.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.04. N 504 Заңымен .**

#### **6-бап. Арнайы экономикалық аймақ аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер құқықтарының кепілдіктері**

Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимі өзгерген немесе ол мерзімнен бұрын таратылған жағдайда, оның аумағының шекарасы өзгеруін қоса алғанда, оның аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілерге инвестицияларды салу сәтіне сәйкес келетін шарттармен арнайы экономикалық аймақ құрылған мерзім аяқталғанға дейін, бірақ он жылдан асырмай осындай қызметті жалғастыруға кепілдік беріледі. Мерзім арнайы экономикалық аймақтағы құқықтық режим жойылған немесе өзгертілген күннен бастап есептеледі.

Осы бапта берілген кепілдіктер Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тауарларды жеткілікті дәрежеде өңдеу өлшемдеріне сәйкес өңдеуге арналған тауарларды (спиртті қоспағанда), сондай-ақ жабдықтарды әкелуге қатысты кедендік реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңдарындағы өзгерістерге қолданылады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 334 Заңымен , 1999.03.31. N 354 Заңымен .**

## **II Тарау. Арнайы экономикалық аймақты басқару**

### **7-бап. Арнайы экономикалық аймақты басқару**

Арнайы экономикалық аймақты басқаруды аумағында арнайы экономикалық аймақ орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады .

Арнайы экономикалық аймақ орталық атқарушы органның ұсынысы бойынша құрылған жағдайда арнайы экономикалық аймақты басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін орталық атқарушы орган жүзеге асырады .

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен , өзгеріс енгізілді - 2003.12.04. N 504 Заңымен .

### **8 - б а п .**

< \* >

Ескерту. 8-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

### **III Тарау. Арнайы экономикалық аймақтың құқықтық режимінің ерекшеліктері**

### **9 - б а п .**

< \* >

Ескерту. 9-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

### **10-бап. Банк қызметі**

Арнайы экономикалық аймақ аумағында банк қызметі Қазақстан Республикасының банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **11-бап. Салық салу**

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **2 .**

< \* >

Ескерту. 11-баптың 2-тармағы алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

### **12-бап. Кедендік реттеу**

Арнайы экономикалық аймақтың аумағы Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс орналасқан болып қарастырылады, оған еркін кеден аймағының р е ж и м і қ о л д а н ы л а д ы .

Тауарлар мен жабдықтарды арнайы экономикалық аймақтың аумағында еркін кеден аймағының кеден режимімен орналастырудың шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.12.24. N 334 Заңымен , өзгерту енгізілді - 1999.03.31. N 354 Заңымен , 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

Ескерту. 13-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

#### **14-бап. Лицензиялау**

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **15-бап. Шетел азаматтарының арнайы экономикалық аймақта болу тәртібі**

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдермен белгіленген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келу, кету, транзитпен өтуі және болу тәртібі қолданылады.

2 . < \* >

Ескерту. 15-баптың 2-тармағы алып тасталды - Қазақстан Республикасы 2001.07.05. N 223-II Заңымен .

### **IV. Қорытынды Ережелер**

#### **16-бап. Арнайы экономикалық аймақтың шарттарын өзгерту және оны тарату**

1. Арнайы экономикалық аймақ туралы ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

2. Арнайы экономикалық аймақ өзі арнап құрылған мерзім аяқталған соң т а р а т ы л а д ы .

3. Арнайы экономикалық аймақты құрудың мақсатына қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен арнайы экономикалық аймақ мерзімінен бұрын таратылуы мүмкін.

4. Арнайы экономикалық аймақты тарату рәсімін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі ол туралы Ережемен айқындалады.

#### **17-бап. Осы Заңды жүзеге асыру жөніндегі шаралар**

1. Осы Заң күшіне енгенге дейін құрылған еркін экономикалық аймақтар олар бойынша осы Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес шешім қабылданғанға дейін өз мәртебесін сақтайды .

2. Осы Заңның 6-бабының ережелері жаңадан құрылған арнайы

экономикалық аймақтардың және олар бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес шешім қабылданған арнайы экономикалық аймақтардың аумағында қолданылады.

2-1. Осы Заңның 6-бабының екінші азатжолында аталмаған тауарларды әкелуге қатысты кепілдіктер 1999 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде: Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтірсін;

мемлекеттік органдардың, жұмыс істеп тұрған еркін экономикалық аймақтар Әкімшілік кеңестерінің осы Заңға қайшы келетін нормативтік құқықтық актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін;

оларды мүдделі мемлекеттік органдармен келісу тетігін қоса арнайы экономикалық аймақтар құру туралы ұсынымдар енгізу, сондай-ақ тұжырымдама мен техника-экономикалық негіздеме ұсыну тәртібін бекітсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" 1990 жылғы 30 қарашадағы Қазақ ССР-інің Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 49, 455-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 116-құжат);

2) "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" Қазақ ССР Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 30 қарашадағы N 361-ХІІ қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 49, 456-құжат);

3) "Жезқазған облысында Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағын құру туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1991 жылғы 18 маусымдағы N 678-ХІІ қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 331-құжат);

4) "Талдықорған облысында Алакөл, Жаркент еркін экономикалық аймақтарын құру және Талдықорған қаласында "Талдыкурғанвнештранс" кәсіпорны негізінде еркін экономикалық кіші аймақ құру туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 11 қаңтардағы N 1114-ХІІ қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 67-құжат);

5) "Лисаков еркін экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1467-ХІІ қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 347-құжат).

Ескерту. 17-бап 2-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының  
1998.12.24. N 334 Заңымен .

**18-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі**

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК